



# TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//5 ҚЫРҒҮЙЕК 2019 ЖЫЛ

## ▶ ПРЕЗИДЕНТ

# Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: ЕЛІМІЗДІҢ ӘРБІР ТҰРҒЫНЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТІ СЕЗІНУІ ТИІС



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауды жариялап, реформалаудың жаңа кезеңіне қадам басқан еліміздің алдында тұрған мақсат-міндеттерді айқындап берді.

Президент Жолдауда мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру, азаматтардың құқықтарын, еркіндіктерін мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, дамыған және инклюзивті экономиканы қалыптастыру, халықты әлеуметтік қамту саласын жаңғырту, сондай-ақ өңірлердің әлеуетін нығайтуға бағытталған бірқатар бастамаларын ұсынды.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА



Мемлекет басшысы алтыншы шақырылған Парламенттің бесінші сессиясын ашық деп жариялап, депутаттарды жаңа парламенттің маусымын басталуымен құттықтады.

Еліміздің жаңа тарихындағы маңызды кезең – Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы жақындап келеді. Осы уақыт ішінде еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басылығыммен Қазақстан әлемдегі беделді өрі орнықты мемлекетке айналды. Баянда бірлігіміздің арқасында тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық. «Тәуелсіздіктің жетістіктерін есептеп, елімізді дамуың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отырған кәзіргі уақытта біз бұған Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап,

### ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТ

Саяси жаңғыру үдерісі азаматтарымыз бен мемлекетіміздің мүдделеріне сәйкес, біртіндеп үдікіс жүзеге асырылатын болады.

Негізсіз, жүйесіз саяси ырықтандыру елдің ішкі саяси ахуалын тұрақсыздығына, тіпті мемлекеттіліктен айырылуға әкеліп соғатынын әлем елдерінің тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан саяси ре-

формалар кезең-кезеңімен, табанды түрде және жан-жақты ойластырыл- луды жүзеге асырылады. «Еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртай, табысты экономикалық реформаларды іске асыру мүмкін емес. Бұл – біздің ұстанатын басты қағидатымыз. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет». Саяси жүйенің бұл формуласы мемлекет тұрақтылығының негізі саналады. Сондықтан осы бағыттағы жұмысқа бар күш-жігерімізді салуымыз қажет. Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел өрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бізмізге ортақ міндет», – деп Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент оның төрменді тетігін бірі ретінде Ұлттық қоғамдық

сенім кенесін атады. Халықты тол- гандырған кез келген өзекті мәсе- ле ашық айтылып, талқыланбаса, оның шешімі табылмайды. Қоғам мен билік арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана кәзіргі геосая- си ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға бола- ды. Еліміз көппартиялы тенгерімді жүйені қалыптастыра ала, бұл мем- лекет болшағы үшін мықты іргетас болмақ. Осы ретте партия құрылыс үдерісін жаңғырту, халықпен тиімді кері байланыс орнату, митингтер туралы заңнаманы жетілдіру, қоғам- дық келісімді нығайту мақсатында атқарылуы тиіс іс-шаралар атап көрсетілді.

> [ 3 ]

## ▶ ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекс	Көрсеткіш	Өзгеріс
KASE	2155.56	-1.22%
FTSE 100	7292.32	0.33%
CAC 40	5523.88	1.06%
S&P 500	2906.27	-0.69%
Dow Jones	26118.02	-1.08%
Nikkei 225	20649.14	0.12%
DAX	12028.10	0.98%
SSE Comp	2957.41	0.93%

Тауарлар	Баға	Өзгеріс
Мұнай	58.27	-0.58%
Мыс	5637.00	-1.04%
Қорғасын	2020.50	-1.10%
Мырыш	2222.00	-0.85%
Никель	18475.00	3.79%
Алюминий	1745.50	0.23%
Күміс	18.48	0.68%

Валюта нарықтары	Баға	Өзгеріс
USDKZT	388.28	0.05%
EURKZT	424.78	-0.11%
USD RUB	66.4530	-0.47%
USD JPN	25.2725	0.23%
USD BNY	2.1178	-0.00%
EUR USD	1.1011	0.35%
GBP USD	1.2197	0.94%

## ▶ ИНДУСТРИЯ 4.0

### Тау-кен өндірісі – өзекті сала

Ұлттық экономика министрілігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, тау-кен өнеркәсібі мен қарьерлерді қазу жұмыстары – былтырғы жылдың қорытындылары бойынша тартылған қаражаттың жалпы үлесінің 40,2%-ы. Еліміздегі салалық ұйымдардың шетелдік компаниялармен өзара әрекеттестікке бағытталған мемлекеттік саясаты нақ осы салада өзгеге танымал компаниялардың алаңсыз жұмыс істеуіне қолайлы орта қалыптастырып отыр.

### ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

ГДС (ағыл. Global Distribution System – Жаһандық Дистрибуторлық жүйе – ред.) жаппай енгізілген түрліше салаларда көп жылдардан бері жұмыс істеп келе жатқан – «МАЙКРОМАЙН Орталық Азия», Outotec және FLSmith Central Asia – компанияларының өкілдері мемлекетімізде іске қосылған жобалар осы саланы жылдам дамушы саланың

біріне айналдырды, деп түйіндейді. Бұл ретте мүдделер мен өзара ынтымақтастық шоғыры экологиялық қауіпсіз технологиялық шешімдерді енгізу ғана емес, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз ету жұмыстарын да қамтиды.

«МАЙКРОМАЙН Орталық Азия» компаниясының директоры Жасқан Байровтың айтуынша, мемлекеттің құрған – экономиканың негізгі салалары мен қосындыларында цифрлық ортаға көшу және оларда «Индустрия 4.0» бағдарламасын енгізу шешімі – инвестициялық тұрғыдан тартымды жағдай болып табылды.

«Өндірістерді цифрландыру туралы шешім компаниямыз үшін артықшылық болып табылады, өйткені, ел президентінің жолдауына сәйкес «Индустрия 4.0»-ке көшу белсенді түрде енгізіліп жатқанда, тау-кен өндірісі саласын бағдарламалық қамтамасыз етуді жасап, іске қосу ұйым іс-қимылының негізгі бағыттарының бірі болып есептеледі. KAZRC

есептемесінің бірінші стандартының енгізілуі де қолайлы факторлардың бірі болып саналды», дейді ол.

MICROMINE барлық мемлекеттік бейімді жүйелердің бәрін де белсенді жұмыс істеп қана қоймай, бүгінгі күнге Қазақстан Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрілігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетімен және басқа ведомстволардың қатысуымен бірқатар жобаларды табысты жүзеге асырып үлгерді де. Жобалардың негізін бағдарламалық қамтамасыз ету, қызметкерлерді оқыту және техникалық қолдау құрайды.

«МАЙКРОМАЙН Орталық Азия» ЖШС пайдалы қазбаларды барлау және өндіру саласының кәсібиолардың тұратын KAZRC Стандарттары жөніндегі комитеттің құрметті мүшесі болып есептеледі.

> [ 4 ]

## ▶ ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ



### Прогрессивті өнеркәсіпке бағдар

Азық-түліктең кейінгі маңызды әлеуметтік рөл – жеңіл өнеркәсіпке тиесілі. Бүгінде 12 мыңнан астам адам – негізінен әйелдер еңбектенетін осы маңызды өнеркәсіп аянын дамыту мәселелері индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Склярдың қатысуымен ұйымдастырылған жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының «Алтын Ошақ» алғашқы көрме-форумында қозғалды.

### БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Халық жаппай қажетсініп, тұтылатын тауарлар шығарылым жүзеге асырушы маңызды сала болғандықтан, жеңіл өнеркәсіпті дамытуға мақсатты түрде қадам басқан орынды. Соңғы жылдары саладағы біршама ілгерілеу үдерісі елімізде индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының жүзеге асырылуымен байланысты болды.

> [ 5 ]

# БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

## АПТА ТЫНЫСЫ

### Рухани жаңғыру

### Өркениеттерді тоғыстырар күш



Елордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Азия каламгерлерінің туңғыш I форумы өтті. Алқалы форумға жиналған 300 ақын-жазушылардың арасында – Азияның 38 елінен келген Нобель сыйлығының номинанттары, халықаралық Букер және ASEAN сыйлықтарының лауреаттары, өңірлік және ұлттық сыйлықтардың иегерлері бар.

— Бүгінде төл әдебиетіміздің көкжиегі кеңейіп, әлем әдебиетінің даму көшіне қосылды. Қазақ каламгерлерінің туындылары арқылы дүние жүзі жұртшылығы ұлттық руханиятымызды танып білуде. Қазақстандық 30 жазушы мен 31 ақынның

шығармалары Біріккен Ұлттар Ұйымының 6 тіліне аударылып, жарыққа шыққалы отыр. Осы туындылар 5 құрылғағы 90-нан астам елге, яғни екі жарым миллиард оқырманға тарайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы атап өткендей, Азия — ұлы өркениеттердің дүниеге келуіне, өркен жаюына, қалыптасуына күә болған көне құрлық. Араб, парсы, қытай, үнді өркениеттері — аламыз тарихымын ажырама бөлігі. — Казір Ұлы Жібек Жолының экономикалық мән-маңызы ғана көбірек айтылады. Шын мәнінде, оның тұтас өркениеттерді тоғыстыратын күшеіне болғаны ескеріле бермейді. Бүгінде Азияның озық экономикасымен бірге

әдебиеті, өнері, білім жүйесі де алдыңғы қатарға шықты. Азия халықтарының сөз өнері бай, тамыры тереңде, — деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Азия әдебиетін одан әрі дамыту үшін бірқатар маңызды мәселелерге каламгерлердің назарын аудартып, арнайы сыйлық тағайындау туралы ұсыныс білдірді.

— Азия каламгерлері форумы шығармашылық қауымның маңызды диалог алаңына айналуы керек. Бұл маңызды шара Азия елдерінде тұрақты түрде өтуі қажет деп санаймын. Адамзатты толғандыратын күрделі мәселелер дәл осындай алаңдарда ортаға салынуы тиіс. Азияны бүкіләлемдік рухани даму орталығы ретінде дамыту айрықша маңызды. Сондықтан әдеби үдерістерді жаңғырту үшін жағдай жасау — біздің міндеттеріміз бірі. Осы мақсатта «Азия алыбы» халықаралық әдеби сыйлығын тағайындағанды жөн деп санаймын. — деді К.Тоқаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Азия каламгерлері туындыларының біртұтас электронды кітапханасын құру туралы ұсыныс айтты.

### Сен де бір кірпіш дүниеге

### Абай атындағы мектеп ашылды

Білім күні Премьер-министр Аскар Мамин Нұр-Сұлтан қаласында Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясын ашты.



А.Мамин салтанатты рәсім барысында мектепке қазақ халқының ұлы тұлғасы, ақыны әрі ойшылы — Абай Құнанбайұлының есімінің берілуі аса құрметті де жауапты екендігін атап өтті. Сондай-ақ цифрландыру мен жасанды зерденің өсерінен бүгінде жана мамандықтар пайда болып жатқандығына тоқталды.

— Сіздердің білім деңгейлеріңіз заман сұраныстарына сай және бәсекеге қабілетті болуы керек, — деді Премьер-министр.

Жана мектептің техникалық жарактануына жәрдемлесу мақсатында Қоғамдық маңызды бастамаларды дамыту қоры 3D-модельдерді зерттеуге арналған виртуалды-ғылыми секциясы бар жасыл технология-

лар зертханасын сыйлады, оны қордың қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә. Назарбаева мен экология, геология және табиғи ресурстар министрі М. Мырзағалиев таныстырды. Сонымен қатар мектептің ашылу салтанатына білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов және Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов қатысты.

Премьер-министр интерактивті жабдықты қолдана отырып оқытудың жана әдістерімен танысты. Оқу сыныптарын алдыңғы

катарлы технологиялармен жабдықтау оқушыларға болашақ мамандықтарының дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Үкімет басшысы жана мектепті аралау барысында ұлы Абайдың 175 жылдығына орай ашылған «Абайтану» кабинеті мен музейіне барды.

Сонымен қатар ашылу салтанаты барысында жана мектепке «СарыарқаАвтоӨнеркәсіп» қазақстандық зауыты жана үлгідегі мектеп автобусын сыйға тартты.

### Еңбек қоғамы

### Жұмыс берушінің жауапкершілігі артады



Қазақстанның бірқатар заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Бұл туралы Парламент Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшы-

сы Бейбіт Мамраев мәлімдеді. Оның айтуынша, «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы туралы қорытынды әзірленіп жатыр.

— Заң жобасында жұмыс-

керлерге лайықты еңбек және тұрмыс жағдайларын жасау бойынша жұмыс берушінің міндеттері мен жауапкершілігін арттыру, көрсетілген кезеңге жалақысы сақталмайтын демалыс беру жөніндегі жұмыс берушінің міндеттерін толықтыра отырып, мерзімді әскери қызмет атқару кезінде азаматтардың жұмыс орнын сақтау, еңбек шарттарын жасау мен есепке алуды және жұмыс беруші қызметін ҚР Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкестігін декларациялауды автоматтандыру көзделген, — деді ол.

Өзгерістер мен толықтырулар 4 заңнамалық актіге, 2 қолексе және 2 заңға енгізілмек.

### Үкімет: Кеәелі міндеттер көшінде

Сейсенбіде өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог — Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауын іске асыру шаралары талқыланды. Сонымен қатар жылды бытыла егін жинау жұмыстарының барысы қаралды.

### БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Қазақстан Президенті Қ. Тоқаев өз Жолдауында 2025 жылға қарай жалпы ішкі өнімнің жыл сайынғы өсуіні кемінде 5% етіп тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құрылымдық өзгерістерді іске асыру қажеттігі туралы айтты. Бюджеттік-қаржы бағыты бойынша баяндаған Премьер-министрдің бірінші орынбасары — қаржы министрі Ә.Смайылов Үкімет экономика жөніндегі жұмысты жалғастыратынын және мемлекеттік органдардың да, квазимемлекеттік сектордың да қызметіне функционалдық талдау жүргізуді жандандыратынын атап өтті.

Жолдауда тапсырылған мемлекеттік қызметкерлер жұмысының тиімділігін арттыру үшін олардың қатарына дағдылары менгерген жас мамандарды тарту шарасы бойынша алдағы жылдан бастап мемлекеттік қызметшілер санын біртіндеп қысқартуға бағытталған жұмыс жүргізіледі. Ал боғатылған қаражат неғұрлым пайдалы қызметкерлерді материалдық ынталандыруға жұмсалатын болады. Осылайша, 2024 жылға қарай мемлекеттік қызметшілер мен ұлттық компаниялар қызметкерлерінің саны 25%-ке қысқарары.

Басым міндеттердің бірі — квазимемлекеттік сектордан қайтарылымды арттыру бағытында Ұлттық әл-ауқат қорының өткен 14 жылдағы халықтың әл-ауқатының өсуіне нақты үлесі бағаланады. Үкімет Есеп комитетімен бірге үш айлық мерзімде мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың тиімділігіне талдау жүргізеді.

Жұмыссыздықты азайту және ауыл халқының өмір сүру деңгейін көтеру шеңберінде Ұлттық қордан 100 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді. Осы жылдың соңына дейін микро және шағын бизнес компанияларын олардың негізгі қызметінен үш жыл мерзімге салық төлеуден босату жөніндегі заңнамалық негіз әзірленетін болады. Келесі жылдың қантарынан бастап шағын және орта бизнес субъектілерін тексеруге үш жылдық тыйым салу күшіне енеді.

Ә.Смайылов жақында экономикалық тергеу қызметінің жұмысы қайта қалыптастырылып, оңтайландырылғанын еске салды. Бұл бағытта қолма-қол ақшасыз төлемдерді ынталандыру, көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл

жөніндегі жұмыс күшейтіледі, капиталдарды шығарумен, салық төлеуден бас тартумен күрес қатан болады.

Мемлекет басшысы Жолдауында салық жүйесін ұлттық табысты барынша әділ бөлуге назар аударып, жаңғыртуды тапсырды. Бұл тұрғыда Үкімет компаниялар үшін алами капиталға, еңбек өнімділігін арттыруға, техникалық қайта жарактандыруға, экспортқа

назарларыңызға саламын. Атап айтқанда, әрбір тапсырманың орындалуы қатан бақылауға алынып, оны жүзеге асырудың нақты мерзімі белгіленуі қажет. Біз қойылған міндеттерді тиімді шешу бойынша үйлесімді жұмыс жүргізіміз керек», — деді Аскар Мамин.

Осы ретте Премьер-министр 7 қыркүйекке дейін Мемлекет басшысының Жолдауында қойылған міндеттерді іске асырудың



### Биік мақсатқа сыйдарлы іс-қимылдар жеткізеді

инвестиция салуға ынталандыратын ағымдағы салық жүйесінің сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдайды. Салық кодексіне көзделмеген төлемдерге, алымдарға тыйым салынады.

Маңызды міндеттердің бірі — бюджетін және Үкімет қорды қаражаттың пайдаланудың тиімділігін арттыру. Осыған байланысты, Ұлттық банкпен бірлесіп ағымдағы жылдың соңына дейін Ұлттық қорды инвестициялау және пайдалану сапасын арттыру жөнінде нақты ұсыныстар әзірленді.

Сондай-ақ Қаржы министрілігі келендік өкімшілендіруді жақсарту және күшейту жөніндегі кешенді жұмысты жалғастырады. Мемлекеттік сатып алу жүйесі бұдан әрі жетілдірілетін болады.

Жалпы, Жолдауда көрсетілген тапсырмаларды іске асыру жөнінде орындалуы тиісті іс-қимыл жоспары әзірленеді.

Сонымен қатар Жолдауды іске асыру шаралары туралы Үкімет басшысының орынбасарлары Ж.Қасымбек пен Б.Сапарбаев баяндады.

Премьер-министр Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыруды толығымен қарқынды қамтамасыз ету шараларын қабылдау қажеттігін айтты. «Президент тапсырмаларын орындауға барлық бірінші басшылар дербес жауапты екенін

Жалпыұлттық жоспарының жобасын әзірлеуді тапсырды. Отырыстың күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ауыл шаруашылығы министрі С.Омаров, энергетика министрі Қ.Бозымбаев, бірнеше өңірлердің әкімдері баяндады.

І қыркүйектегі жағдай бойынша егін жинау жұмыстары республиканың барлық өңірлерінде жүргізіліп жатыр. Егін жинау жұмыстарын уақытылы жүргізу үшін 395 мың тонна жанар-жағар май қажет. Үкімет басшысы егін орағын сапалы және уақытында өткізу, бірінші кезекте, ауыл шаруашылығы өндірушілерін жанар-жағармаймен қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауды тапсырды.

«Егінді уақытында жинаумен қатар, жұмысты барынша шығынсыз орындау өте маңызды. Жалпы егін орағы науқанының барысы жаман емес. Үкімет тарапынан егін орағын қарқынды және материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шешімдер қабылданды», — деді А.Мамин.

Үкімет басшысы астық сақтау кәсіпорындарының астықты қоймаға уақытылы қабылдау қажеттігіне және жиналған астықты сақтауды тиісті шаралармен қамтамасыз етуге ерекше назар аударды.

### ТУҒАН ЖЕР



### АЙҒАЙ ҚҰМ

Алтыннемел құмдарындағы «Әнші құм» немесе «Айғай құм» — танымал жерлердің бірі. Оның алып жатқан жерінің үлкен болуы сонша, ұзындығы екі-үш километрге дейін, ал биіктігі шамамен 120 метрге жетеді. Бұл құмның бір ерекшелігі — құрғақ күндері әуенді дыбыстар шығарады. Оның әуені бірнеше шақырымға жайылып, алыстан да естіліп тұрады.



**БИЗНЕС&БИЛІК**

► ПРЕЗИДЕНТ

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:  
Еліміздің әрбір тұрғыны  
оң өзгерісті сезінуі тиіс**



АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ

Сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтардың құқықтарын қорғаудың және қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы. Осы ретте Президент сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажеттігін атап өтіп, соңғы уақытта қоғамда резонанс тудырған оқиғаларға үн қатты. Парламент пен Үкіметке есірткі тарату, адам саудасы, жыныстық зорлық, педофилия, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны қатайту талпынды.

Қоғамның өз құқығын талап етіп, мемлекеттің оған құлақ түруіне деген сұраныс артып отырған бүгінгі уақыт талабына сай ақылға қонымды сот жүйесін, сауатты жұмыс істейтін полиция мен сыйбалас жемқорлыққа қарсы қатаң күрес жүйесін жолаға қою, сонымен қатар жана тұржырымада негізде теугерінің әскер қалыптастыру міндеті алға қойылды.

**ДАМЫҒАН ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКА**

Ел экономикасы жаһандық сипаттағы қиындықтарға қарамастан алға ілгерилеп келеді. Жыл басынан бері оның өсімі орташа әлемдік көрсеткіштен жоғары болды. Мемлекет басшысы экономиканы дамуына тын серпін беру үшін Елбасы ұсынған 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясына және Үлт жоспарына сәйкес бірқатар құрылымдық міндеттерді іске асыру қажеттігін атап өтті.

Бірінші – шикізаттың телінген менталитеттен арылып, экономиканың өрпартандыруы. Осы тұрғыда «Білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интеллектті жаһандық дамуының негізгі факторларына айналды.

Екінші – квазимемлекеттік сектордың қайтарымын арттыру. «Мемлекеттің экономикаға орынсыз араласуын азайту мақсатымен квазимемлекеттік компаниялар құруға мораторий енгізу жөнінде шешім қабылданды. Бұл Ұлттық әл-ауқат қоры құрылған 14 жыл ішінде халықтың әл-ауқатын арттыруға Қордың нақты қандай үлес қосқанын білуіміз керек. Үкімет Есеп комитетімен бірлесіп, үш айдың ішінде мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың тиімділігін анықтау үшін талдау жүргізуі тиіс», – деп Президент.

Стратегиялық секторларда жұмыс істейтін мемлекеттік компаниялар мемлекеттің бақылауында болуы тиіс. Әйтпесе, Президент атап өткендей, мемлекеттік монополистердің орнына жеке монополистер пайда болып, соның салдарынан зардап шегуіміз мүмкін.

Елімізде азық-түлік пен қим-көрсеткен бастап, түрлі қызметтерге дейін бағанын жоғары екені жасырын емес. Үкімет баға белгілеу және тарифтер мәселесін жүйелі әрі нақты айналысуы керек. Бұл табиғи монополистердің тауарларына да, көрсеткіш қызметтеріне де қатысты. «Біздің мақсатымыз – мемлекеттің тұрқандарының ролін сәктай отырып, нарықтық институттер мен құрылымдардың толыққанды дамуын қамтамасыз ету. Осы ретте, «қарапайым заттар экономикасын» естен шығармаған жөн. Бұл – біздің жұмысымыздың басым бағыты», – деп Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үшінші, тиімді шарғын және орта бизнес – қала мен ауылда дамуының берік негізі. Шағын бизнес, ең алдымен ауыл тұрғындарына тұрқаты жұмыс беруді, жұмыссыздықты азайтуды. Яғни салық базасын құрап, жергілікті бюджетті нығайтады. Сондай-ақ жалпай кәсіпкерлікті дамыту санағын патерналістік нығыл мен масылдықтан артылуға мүмкіндік береді.



Сондықтан мемлекет алдағы уақытта да бизнеске қолдау көрсете бермек. Бұл мақсатқа Ұлттық қордан 100 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Алайда, сарапшылардың пікірінше, қаржылай қолдаудың игілігін жергілікті билікпен байланысы бар шаруашылықтар ғана көріп отыр. Президент осы ретте Есеп комитетіне және Қаржы министрлігіне қаражаттың жұмсалыуына қатаң бақылауға алады. Үкіметке микро- және шағын бизнес саласындағы компанияларды табыс салығынан үш жылға босату үшін заңнамалық база әзірлеуді тапсырды.

Микро- және шағын бизнес субъектілеріне тексеріс жүргізуіне үш жылға тиілімі салу туралы шешім 2020 жылғы қаңтардан бастап күшіне енеді. «Біз бизнестің адам әрі заңға сәйкес жүргізіліміне сенеміз. Бизнес өкілдері тұтынушылар мен азаматтар алдында жауапты болуы тиіс. Мораторий кезеңінде өзін-өзі реттеу, қоғамдық бақылау тетіктерін жандандыру керек», – деп Президент.

Мемлекет басшысының ұстанымы бойынша, бизнестің, әсіресе шағын және орта бизнестің дамуына келергі келтіретін әрекеттер мемлекетке қарсы қылмыс деп танылуы тиіс. Сонымен қатар көпөкілді экономикаға қарсы іс-қимылды күшейтіп, капиталды сыртқа шығаруға, салық төлеуден жалтаруға қарсы күресті жандандыру қажеттігі атап көрсетілді.

Шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсету жүйесін жана жобаларға басымдық бере отырып, қайта құру қажет. Үкіметке «Бизнестің жана жол картасы» аясында осы мақсатқа сәйкес алдағы үш жыл ішінде қосымша 250 млрд теңге бөлу тапсырды.

Әлеуметтік бағыттағы – отбасы бизнесін құруға, ең алдымен, көп балалы және жағдайы төмен отбасыларға басқа мән бере отырып, бизнеске қолдау көрсетудің жана тәсілдерін енгізу, экономиканың маңызды саласы ретінде түршіміз, әсіресе экотуризм мен этнотуризмді дамыту міндеттелді.

Төртінші – ұлттық бизнеске халықаралық нарықтарда қолдау көрсету. Бұл ретте өз өнімін экспортқа шығаратын компанияларға, оның ішінде ең алдымен орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету тиімділігін барынша арттыру қажет. Осы мақсатта Үкіметке мемлекеттік индустриальды-инновациялық даму бағдарламасы аясында өнімділігі жоғары орта бизнеске қолдау көрсетудің кешенді шараларын әзірлеу жүктелді. Оның ішінде салықтық, қаржылық, әкімшілік инсталандыру мәселелері көзделуі тиіс. Аткарушы билік басымдық беруі тиіс міндеттің бірі – шетелде тікелей инвестиция тартуды барынша жандандыру. Цифрлық экономиканы дамытуда алда тұрған жұмыс көп. Үкіметке заңнаманы 5G, «Ақылда қалалар», «Үлкен деректер», блокчейн, цифрлық активтер, жана шикізеттің қаржы құралдары сияқты технологиялық құбылыстарға бейімдеу, «Астана» халықаралық қоры орталығының қызметіне қолдау көрсетуі жалғастыру тапсырылды.

Бесінші – дамыған агроөнеркәсіп кешені. Елімізде шикі нарықта ғана емес, шетелде де сұранысқа не органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін зор мүмкіндіктер бар. Сондықтан ауыл шаруашылығы өнімдері экспорттың да шикізат басымдығынан бас тарту керек. Ауыл шаруашылығына шетелден инвесторлар тарту ісінде нақты нәтижеге қол жеткізу қажеттігін назар аударды.

Мемлекет басшысы жұртшылықты толғандырып жүрген жұмысөсіне арнайы тоқталып, жеріміздің шетелдіктерге сатылмайтын, оған жол берілмейтіндігін мәлімдеді. «Бірақ жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету – біздің міндетіміз. Пайдаланымалы жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін қайтарып алуымыз кез келді. Жер – біздің ортақ байлығымыз және оны кім иересе, соған тиесілі болуы тиіс», – деп Президент.

Бұл мәселені шешпей, отандық агроөнеркәсіп кешенінің сапалы дамуы мүмкін емес.

Алтыншы – әліелетгі салық салу жүйесі және тиімді қаржылық реттеу. Жолдауда жалпы ішкі өнім мен халық табысының артуына қарамастан, қоғамдағы күшеіе түскен мүліктік жіктелу үдерісіне аландарлық фактор ретінде ерекше назар аударылды. Ұлттық табыстың әділ бөлінуіне бас мән бере отырып, салық жүйесін жаңғырту қажеттігі атап көрсетілді.

Президент Үкіметке 5 пайыздық қосымша зейнетақы төлемін енгізу мәселесін 2023 жылға дейін шегеруді тапсырды. Осы уақыт ішінде Үкімет, бизнес өкілдері мен сарапшылар бұл мәселені шешудің жолдарын қарастырып, болашақ зейнеткерлердің де, жұмыс берушілердің де мүдделерін ескере отырып, ортақ шешімге келуі тиіс.

Қолма-қол ақшасыз төлем жүйесін жаппай енгізу үшін тешуерлі фактордың бірі саналатын банкіреткі жоғары үстеме алымнан жою, сондай-ақ тиісті реттеу ережелеріне сәйкес банктік емес төлем жүйесін белсенді дамыту, Ұлттық банк осы салаға нақты бақылау орнатуы қажеттігі атап көрсетілді.

Экономикадағы түйткілді мәселенің бірі – кредиттік қаржы көлемінің жеткіліксіздігі. Соңғы бес жыл ішінде занды тұлағаларға, сондай-ақ шағын және орта бизнеске берілетін кредиттің жалпы көлемі 13 пайыздан аса қысқарған. Осы орайда екінші деңгейдегі банкіреткі бизнеске кредит беруі қолайлы әрі ұзақ мерзімді болуын қамтамасыз ету керек.

Тағы бір мәселе – халықтың, әсіресе әлеуметтік тұрғыдан әсіс топарның төм қаттесі алауы. Бұл мәселе әлеуметтік және сады түйткілдерге ұласты. Сондықтан, Мемлекет басшысы Үкімет пен Ұлттық банкке екі ай ішінде мұндай жағдайдың қайталанбауына кепілдік беретін тетіктерді әзірлеуді міндеттелді.

Жетінші – Ұлттық қорды тиімді пайдалану мәселесі. Президент келешек ұрпақтың қаржысы – Ұлттық қор қаражатының ағымдағы мәселелерді шешуге жұмсалатын қысқарту қажеттігін айтты. Ұлттық қордың трансфертері бөсекке қабілетті экономиканы қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру үшін ғана бөлінуі керек. Келіп-ендірілетін трансферт көлемі 2022 жылдан бастап бірте-бірте 2 трлн теңгеге дейін азаюы тиіс. Үкіметке Ұлттық қордың берісін, шік сонына дейін Ұлттық қордың қаржысына иелік тәсіл жетілдіру үшін нақты ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Сетінші – еңбекке төлеу деңгейін арттыру. Тау-кен саласындағы ірі кәсіпорындардың табысы арқандай, азаматтардың жалақысы айтарлықтай өскен жоқ. Осы ретте Үкіметке еңбекке төлеу қорын арттыру үшін жұмыс берушілерді ынталандыру мәселесін нысқау тапсырылды.

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖАНҒЫРУДЫҢ ЖАНА КЕЗЕҢІ**

Әлеуметтік салада басқа маныз берілетін міндеттің бірі – білім беру сапасын жақсарту. Елімізде еңбек ресурстары тегерінін есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін жасалмаған. Яғни мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалып отыр. Экономикада техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беруіне сәйкес – орта білім беруінің ұлттық стандартының негізі болуы тиіс. Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы ашақтап барды. Негізгі мәселе – педагог қалдардың тапшылығы. Президент сондықтан Үкіметке келесі жылдан бастап «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын қаржыландыруды 20 млрд теңгеге жеткізуді, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды қоллау үшін Дарынды баланың қабілетін дамытудың жол картасын әзірлеуді тапсырды.

Мемлекет басшысы білім мен ғылымды дамытудағы басқа да өзекті мәселелерді атап көрсетіп, Үкіметке олардың шешімін табуы ұсынды. Сонымен қатар отбасы және бала институтын дамыту, инклюзивті қоғам құру, медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, мәленіет қызметкерлерін қолдау, әлеуметтік көмек көрсету және зейнетақы жүйесін дамыту бағытында шешімін күткен мәселелер мен атқарылу іс-шаралар айқындалды.

**ҚАУАТТЫ ӨНІРЛЕР – ҚАУАТТЫ ЕЛ**

Бұл бағытта жергілікті билік органдары жұмысының тиімділігін арттыру, бюджетаралық қатынастар жүйесін реформалау, басқарылатын урбанизация және бірінші тұрғын үй саясаты, инфрақұрылымды дамыту секілді міндеттерге басымдық берілді.

Жергілікті билік тұрғындар үшін өрдайым ашық болуы тиіс. Алайда бұл ақсима бүгінгі күннің шындағына айналмай отыр. Осы ретте Президент қаратпақты жоба ретінде тұрғындар қаратыпанын жергілікті билік жұмысының тиімділігін бағалау жүйесін енгізу қажеттігін айтты. Бұл Президент өкімшілігінің арнайы комиссия құрып, тұрғындар мәселені зерттеуіне және тиіс ұсыныс енгізуіне негіз бола алады.

Бюджетаралық қатынастар жүйесін реформалау барысында келесі жылдан бастап шағын және орта бизнестің түсетін қосымша салық түсімдері өнірлердің құзыретіне берілетіндігі айтылды. Ауылдық, қалалық және ауылдық деңгейдегі билік жергілікті маңызды міндеттерді шешу барысында экономикалық тұрғыдан бейіліше дербес болуы, олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі занданамалық актілерге нақты белгіленуі тиіс.

Сонымен қатар Жолдауда атап көрсетілген, Үкіметтің қаржы ретінде берілетін – басқарылатын урбанизация және бірінші тұрғын үй саясаты, инфрақұрылымды дамыту бағытында атқарылу істер мен шаралардың бәрі еліміздің әрі аймағының өркенді дамуына, өнірлер тыныс-тірілігіндегі ашақтықтың азайып, барша халықтың өмір сапалық артуына келі болары сөзсіз.

**ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ**



**Бидай алқаптарының үштен бірінен астамы жиналды**

Қазақстанда дәнді дақылдар алқабының 4,8 гектарының өнімдері жинап алынған, бұл жалпы егіс алқаптарының 31,7 пайызын құрайды. Бұл туралы ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаровқа сілтеме жасап Синхуа агенттігі Нұр-Сұлтан қаласынан хабарлайды.



«Бүгінгі күнге егін жинау жұмыстары республиканың барлық аймақтарында жүргізілуде. Осы ретте дәнді дақылдарды орып алу Түркістан облысында аяқталған, ал Жамбыл облысында аяқталуға таяу», – делі министр Қазақстан үкіметінде осы сеісенбінде өткен мәжіліс барысында.

Осы кезеңге елде орташа өнімділігі гектарына 11,5 центнерден айналып, 5,5 миллион тонна бидай бастырылған, деп гүйіндейді кытайлық ақпарат агенттігі өз сайтында.

**The New York Times**

**Chevron жұмысын кеңейтуді көздейді**

Америкалық New York Times газеті 29 тамызда «Бейтаран кеністік, телегей теңіз мұнай және тау-тау ақша» деп аталған мақала жариялады. Ұзақ мерзімді төзімділігімен, зор даму болашағымен және төуекелділігімен де ерекшеленетін Қазақстандағы кен орындарын кеңейтуге Chevron компаниясы миллиардтаған доллар жұмсауда, деп жазады мақала авторы Стэнли Рид.

Жоба өте күрделі, оның үстіне мұнайға әлемдік сұраныс аса қунарлықтай да емес. «Шетсіз-шексіз аумақтағы жұмысшылар мен ауыр техникалар жұмыс жасап жатқан өңірде 37 миллиард доллар жұмсау тиімді тәсіл бола алды ма?» деп, сұрағына жауап іздейді NYT журналисі.

Кен орынын кеңейтудің аяқталғанына үш жылдай уақыт өтті, әйтсе де Теңіз мұнай өндіретін кен орны Қазақстанның ұлттық табысының төрттен бірге жуығын және Шеврон компаниясы табыстарының төрттен біріндейн қамтамасыз етіп отырғанына да естен шығармаған абзал. Америкалық басым тілшісінің риторикалық сұрағы жауабының астары да осында жатса керек.



**Жөнелтілген мұнай көлемі азайған**

Ресми мәліметтер көрсеткендей, қазақстандық мұнайдың Кытайға экспорты қаңтар-шілдеде өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 22%-ға азайып кеткен, деп хабарлайды www.hellenicshippingnews.com сайтынан Reuters агенттігіне сілтеме жасап.

Қазақстандық мемлекеттік энергетикалық мониторинг екі елдің арасындағы мұнай экспорттың жалғыз бағыты – Атысу-Алашанқай құбыр желісі бойынша мұнай жеткізу жеті айда 625 783 тоннаға жеткен. Бұл көрсеткіш маусымдағы 89 925 тоннаға қарағанда, 37 470 тоннаға дейін төмендеген.

Соған қарамастан Қазақстан Кытайға экспортын ұлғайтуды жоспарлап отыр. Сөйтіп, 2020 жылдың екінші жартысынан бастап, біздің еліміз 1 миллион тонна орнына Астан асты еліне жылдына 6-7 миллион тоннаға дейін мұнай жеткізуді жоспарлауда.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

# БИЗНЕС&БИЛІК

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ▶ ИПОТЕКА: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

#### ТҮРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Елімізде «7-20-25» және «Баспана Хит» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары арқылы рәсімделген әр екінші пәтер Сбербанк Қазақстан арқылы сатып алынған.

Сбербанк Қазақстан «Баспана Хит» және «7-20-25» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары аясында жылжымайтын мүлік нарығының көшбасшысы болып табылады. Ал банк осы халыққа қолдау көрсету бағдарламаларына сәйес қатысушы банктің ең соңғысы болып кірген еді. «Қазақстандықтар «7-20-25» және «Баспана Хит» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары арқылы рәсімделген әр екінші пәтер Сбербанк Қазақстан арқылы сатып алынған. Мұндай нәтижеге банктің клиентке бағдарлану деңгейін арттыруға жіті көңіл бөлуі, несиеге өтінімді іске қосудан оны клиентке беруге дейінгі үдерістің автоматтандырылуы, шешім қабылдаудың қысқа мерзімі, өтінімдерді оң мақұлдау пайынның жоғарылығы және өңірлердегі кең филиалдар желісінің арқасында қол жеткізілді. Осылайша, бүгінде Сбербанк Қазақстан елдің ипотека нарығындағы көшбасшылардың бірі болып табылады», — деп «Сбербанк» АҚ ЕБ басқарма төрағасының орынбасары Алексей Акимов.

Былғы бірінші тамыздағы деректерге сәйкес, еліміз өңірлері арасында қос бағдарлама бойынша мақұдданған несилер саны бойынша Нұр-Сұлтан қаласы (2178 өтінім немесе жалпы санының 24%-ы) қол баспа тұр, екінші орында — Ақтөбе (1015 өтінім, 11,8%), үшінші орында — Қарағанды (1007 өтінім, 11,7%).

Жалпы алғанда, «7-20-25» және «Баспана Хит» тұрғын үй бағдарламалары іске қосылған сәттен бері Сбербанк Қазақстан жалпы сомасы 51 миллиард теңгенен асып 6 301 ипотека қарызын мақұлдап, берген.

### ▶ ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ

#### 4,9 МИЛИАРД ТЕНГЕ ТАРТТЫ

ВТБ банк (Қазақстан) екі жылдық облигацияларды орналастырып, 4,9 миллиард тенге тартты.

20 тамызда Қазақстан қор биржасының (KASE) сауда жүйесінде «ВТБ банк» АҚ ЕУ еншілес ұйымының екі жылдық облигацияларын орналастыру бойынша арнайы сауда-саттық өтті. Усынысқа сұраныстың арақатынасы 115,7% құрады. Нәтижесінде 4 874 700 тенге сомасына 4 сауда-саттыққа қатысушылардың 7 өтімі қанағаттандырылды. Сатып алушы үшін облигациялардың кірістілігі жылдық 10,42% құрайды.

«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ (Алматы) деректеріне сәйкес осы орналастыру бойынша мемлекеттік сауда-саттық нәтижелері бойынша есеп айырысу аяқталған сәтте орналды. Банк бағалы қағаздарының 34,6% өкішінің денгейіе банктер, 0,5% — брокерлік-дилерлік ұйымдар, 64,9% — басқа институттардың инвесторлар сатып алуы. «ВТБ банк» АҚ ЕУ Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың белсенді қатысушысы болып табылады. Облигацияларды сәтті орналастыру қаржы нарығына қатысушылар тарапынан банкке деген мүдделілігі пен жоғары сенімділігі деңгейін көрсетеді. Осы сауда-саттық нәтижелері бойынша біз тартымды кірістілігі бойынша тұрақты қорландыруды алдық. Бұл қаражатты банк клиенттеріне тиімді, бәсекеге қабілетті қарыздар беруге жұмсауды жоспарлап отыр», — деп атап өтті «ВТБ банк» АҚ ЕУ басқарма төрағасының орынбасары — басқарма мүшесі Юрий Миронов.

С&P халықаралық агенттігінің тәуелсіз бағалауына сәйкес «ВТБ банк» АҚ ЕУ қазақстандық банктер арасында ең жоғары кредиттік рейтингтердің бірі — «ВВ+»/«В» ие, болжам тұрақты.

### ▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

#### ЖАЛҒАН АҚШАДАН САҚ БОЛЫҢЫЗ

Ұлттық банк 2017 жылғы үлгідегі номиналы 500 теңге, сериялық нөмірі АЕ 8783277 қолдан жасалған ақша белгілерінің сарпатамаға келіп түсу жағдайлары туралы хабарлады.

Қолдан жасалған банкноттар компьютерлік техниканы пайдалана отырып офсеттік қағазға жасалған, бұл ретте полиграфиялық жабықты басып шығару белгілері жоқ. Оларда сұтамғы белгісі банкноттың сырт жағынан жасалған. Оның кескініне сәулесі түскенде түпнұсқа сұтамғы белгісіне ұқсайды. Банкноттың сырт жағындағы ою-өрнектен және номиналдан тұратын құстың бейнесі түріндегі «Фольга» қорғаныш элементі және үйк-үйксіз жіп имитацияланған.

Жалған банкнотта түпнұсқадан колмен ұстағанда жақсы сезілген интагило мөр (жоғары берелі элементтер, оның ішінде көзі нашар көретін адамдар үшін белгі) жоқ.

Қолдан жасалған ақша белгілерінің түс гаммасы түпнұсқаға тық ұқсас болғандықтан, халық ішінде оны түпнұсқа банкнот ретінде қабылдау ықтималдылығы бар. Алаяқтардың қармағына түспес үшін осы, 2017 жылғы үлгідегі, номиналы 500 теңгелік банкноттарды мыналарға назар аудару жеткілікті: бейнелер анық, бұдынды емес; қағазға тон ерекше сытыры болады және УК сәулелердің әсерінен жарқармайды; жарыққа қарағанда «Самұрық» мифтік құсының бейнесі мен барышаны анық бейнеленген номиналдан тұратын сұтамғы белгілері көрінеді; банкноттың бет және жанында қосарланған элементтер жарыққа тосып қарағанда тұтас суретті құрап, дәлме-дәл сәйкес келеді; номиналы мен «Астана» сөзі бейнеленген үзік сызық түрінде қағаз бетіне шығатын қорғаныш жіп; банкноттың бет және сырты жағында арнайы белгілерді мөрді қолмен ұстап сезінуге болады; аталған банкноттың жарық түскенде тегіс сызықты құрайтын қорғаныш үзік жіп бар. Егер банкнотта барлық осы белгілер болса, онда бұл жалған банкнот емес.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

### ▶ ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

# Президент либерализацияға ден қойып отырғанын тағы бір мәрте дәлелдеді



**Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,**  
Парламент Мәжілісінің депутаты:

#### ПАРЛАМЕНТТИҢ АЛДЫНДА АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР ТҮР

Менің ойымша, Жолдауда елдегі ең өзекті мәселелердің бәрі қамтылды. Яғни, Президент жағдайды бақылап, біліп отыр. Біз жуырда ғана батыс өңірге болып, сайлаушыларымызбен кездестік. Сонда айтылған проблемалардың барлығы Жолдауда көтеріліп жатқанына қатты қуанып отырмын. Мәселен, туристік кластерді көтеруде қандай мәселелерді қаузау керек, қандай сұрақтардың төңірегінде жұмыс істеу керектігіне Мемлекет басшысы жан-жақты тоқталды. Мен Президент Жолдауындағы көп мәселелердің ішінде халықты әлеуметтік қолдау тетіктерін ерекше атап өтердім. Оның ішінде көлік қатынасына қатысты мәселелерді көтерілді. Жаңаөзен қаласында сайлаушылар Маңғыстау өңірінде жету, темір жолмен қатынау қиындығын, әуе қатынасының бағасы шектен тыс қымбат екенін айтқан болатын. Президентіміз осы мәселелерді көтеріп, К.Тоқазев келесі жылы Ұлы Абайдың 175 жылдығын той ретінде атап өтіп қана қоймай, ақын шығармаларын басқа қырынан ұғынуға шақырып отыр. Бұл мәселелер төңірегінде Парламенттің алдында үкен міндеттер тұр. Президент сайлауалды бағалармасын толығымен жүзеге асыруға бекініп отыр. Парламент осы ретте көптеген заңдарға өзгерістер енгізуі тиіс.



**Зәуреш АМАНЖОЛОВА,**  
Парламент Мәжілісінің депутаты:

#### КАУІПТІ КЕСЕЛІМЕН БІРЛЕСЕ КҮРЕСУ КЕРЕК

Мемлекет басшысының Жолдауы біршама әлеуметтік мәселелерді қамтыды. Зейнеткерлік, медицина, білім, мәдениет саласының өзекті проблемалары қаузалды. Президент медицина жағын айта келе салауатты өмір салтын сақтауға барынша маңыз беріп отыр. Барша халықты бұқаралық спортпен айналысуға шақырды. 2020 жылдан бастап еліміз міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне көшкіле отыр. Оған қажетті қаражат бөлінген. Ендігі міндет — осы қаражатты тиімді пайдаланып, медицина сапасын арттыру. Осы арқылы медициналық қызметтің қолжетімділігін арттырған абзал. Жоғары технологиялы медицинаны халыққа жеткізу де өте өзекті. Сонымен бірге Президент жасөспірімдер арасындағы сундиде тоқталды. Мемлекет басшысы сол үшін жеделден мемлекеттік бағдарлама жасау керектігін айтты. Себебі, суицидте тек медицина жана жауапты емес. Сондықтан оған жан-жақты саладар бір кісідей атсалысу керек. Оның ішінде педагогика, мәдениет, ішкі істер саласы, ата-аналар, отбасы мен осы кеселге қарсы жұмылуы тиіс. Яғни, отбасының мәртебесін, институтын қолдау арқылы бұл қоғамның қауіпті кеселімен күресуге болады.



**Бектай ОРМАНОВ,**  
Түркістан облысы Талдау және болжау орталығының төрағасы:

#### КӘСІПКЕРЛЕРДІ САЛЫҚТАН БОСАТУ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНА ҰҚПАЛ ЕТЕДІ

Президенттің елдегі мемлекеттік компаниялардың санын қысқарту жөніндегі тапсырмасы өте орынды. Мемлекеттік компаниялар санының көп болуы нарықтағы бәсекеестікті тейлейді. Мемлекеттің экономикаға араласуын тоқтату жолында Президент бірқатар өзгерістер енгізді. Яғни, бұл бизнеспен айналысушы кез келген компанияға немесе кәсіпкерге нарықтық бәсекеестікте жол ашды. Бұрынғыдай мемлекеттің ақшасына алақан жайып отыратын компаниялар азайып, таза бәсекеестік пайда болады. Бұл өз кезегінде экономиканың кең қанат жаюына ықпал етеді. Сондай-ақ кәсіпкерлерді уақытша салықтан босату туралы ұсыныс дер кезінде қолға алынған. Президентіміз шағын бизнеспен айналысушыларды 3 жылға дейін салықтан босатуды тапсырды. Бұл да өз кезегінде елге үлкен көмек болатын шешім. Бұл шешім енді аяққа тұрып келе жатқан бизнесмендер үшін онтайлы болмақ. 3 жылға дейін салықтан босатылған олар көсібін жолға қойып, ел экономикасының дамуына ықпал етеді.



Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы  
Послание Президента Республики Казахстан



**Ерлан КАРИН,**  
Президенттің кеңесшісі:

#### ЖОЛДАУ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫНА ӨТЕ КЕРЕМЕТ ЖІГЕР БЕРЕДІ

Президент өз Жолдауы арқылы саяси бәсекеестің өсуін, көппартиялықты дамытуды, диалогты күшейтуді қозғай отыр. Мемлекет басшысы елімізде көппартиялықты, саяси бәсекеестікті және өйпкірдің сан алуандығын дамытуға ықпал етуді міндет санайтынның жеткізді. Бұл саяси жүйе тұрақтылығының ұзақ болуы үшін маңызды. Менің ойымша, Мемлекет басшысы либерализация бағдарына ден қоюы отырғанын тағы бір мәрте дәлелдеді. Реформа үшін реформа жүргізудің қажеті жоқ екенін ашық білдірді. Реформаларды іске асыруда ойда да өлшенген қадамдар болуы керектігін айтты. Президенттің саяси кеңесшісі ретінде қоғамдық диалогты дамыту, азаматтық диалогты күшейту туралы бастамаларын ерекше атап өтер едім. Әлбетте, Президент тарапының шағын және орта бизнесті дамыту бастамасының да маңызы зор. Мемлекет басшысы микро және шағын бизнесті салықтан үш жылға босату туралы Үкіметке заңнамалық негіз әзірлеуді тапсырды. Менің ойымша, бұл кәсіпкерлікті дамытуға өте керемет жігер береді. Жалпы, Жолдау өте үйлесімді болды.

### ▶ ИНДУСТРИЯ 4.0

# Тау-кен өндірісі – өзекті сала



#### КОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – ЖОҒАРЫ СТАНДАРТТАРДЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Өз кезегінде, Outotec — кен-байыту, металлургия және химия өнеркәсібі, энергетика мен суды пайдалану үшін экологиялық қауіпсіз технологиялық шешімдер жеткізуді қамтамасыз ететін компания. Қазақстанда 25 жыл жұмыс істейді. Аталған кезеңде компания елімізде 160-жабдықтарды жаңғыртудан бастап фабрикалар салуға дейінгі жобаларды жүзеге асырған.

Outotec компаниясының Еуразия аймағы президенті Марина Красюктың бағамдауына, тау-кен байыту жұмыстары барысында коршаған ортаны қорғау саласының талаптары қатаңдатылған. Осы саланың кәсіпорындары кен мен минералдарды қайта өңдеу барысында өнімділікті қамтамасыз етіп, зиянды қалдықтарды мейлінше азайтуға мүмкіндік беретін жана технологияларды қажет етеді. Шикізаттық материалдарды тиімді және экологиялық тұрғыдан үнемді жұмсауды қамтамасыз ететін орнықты технологиялар мен шешімдер іске асыру жөніндегі ғылыми-зерттеу қызметінің арқасында Outotec өндіріс тиімділігін жақсартуда тау-кен бай-

ыту өнеркәсібі кәсіпорындарына ықпалын тигізуде. «Outotec «Полиметалл» компаниясының «Қызыл» алдының қатарлы алтын кені жобасын технологиялық жабықпен қамтамасыз етті. Сондай-ақ энергиялық тұрғыдан тиімді Outotec-тің флотация машинасын мен автоматтандыру жөніндегі жетілдірілген шешімдері концентр өндірісіне және Қазақстанның кен байыту комбинаттарының біріне шығуды жақсартуға өз үлесін қосуда, — дейді Outotec компаниясының Еуразия аймағы президенті Марина Красюк. — Жана технологиялар мен цифрлық шешімдер кіріктірілген жабық тау-кен байыту өнеркәсібі алдынан жана мүмкіндіктер

ашып отыр. «Ақылды» басқару жүйелерінің, оларға қосымшалар мен жабықтардың көмегімен компания тау-кен байыту өнеркәсібі кәсіпорындарына қауіпсіздікті, болжам мен өнімділікті одан әрі жақсартуға түседі».

#### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛ — ЕЛ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

FLSmith компаниясына Қазақстанда бірлескен жобаларды іске қосуна әсер еткен маңызды фактор — қолайлы инвестициялық климат болып табылды. Жаһандық ұйым — кен байыту технологияларының өндірілуі және кен байыту жабықтарының бүкіл желісімен қамтамасыз еткен, біздің

